

Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 наурыздағы N 239 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасы туралы" 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығын іске асыру мақсатында және "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 1379 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 5 маусымдағы N 889 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ететін ұйымдардың жарғылық капиталдары мен активтерін қалыптастыру (ұлғайту) ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

2. Осы қаулымен бекітілетін Ережеге сәйкес жарғылық капиталында акциялардың мемлекеттік бақылау пакеті бар "Астық қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Қор) құруға қатысылсын.

3. Қордың құрылтай жиналысына құрылтай құжаттарында Қор қызметінің негізгі мәні Қорға қатысушы астық қабылдау кәсіпорны астықты Қор кепілдік берген астық қолхатында көрсетілген сапасында және мөлшерінде қайтаруға қабілетсіз болған жағдайда Қорға қатысушы астық қабылдау кәсіпорнының астық қолхатын ұстаушы алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету деп белгілеу ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті:

1) белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне Қор акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқықтарын берсін;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп, осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен 2003 жылғы 1 мамырға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қорға қатысушы астық қабылдау кәсіпорындарының астық қолхатын ұстаушы алдындағы міндеттемелерін Қордың өтеуі тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық кесімнің жобасын енгізсін.

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай толықтырулар е н г і з і л с і н :

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Астана қаласы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 21-46-жолмен толықтырылсын:

"21-46. "Астық қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры" А Қ " ;

2) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :

иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 205-11-жолмен толықтырылсын:

"205-11. "Астық қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры" АҚ".

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

1 2

н а у р ы з д а ғ ы

N

2 3 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы

5 маусымдағы N 889 Жарлығымен бекітілген Қазақстан

Республикасының 2003-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік

аграрлық азық-түлік бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз

етегін ұйымдардың жарғылық капиталдары мен активтерін қалыптастыру (ұлғайту) ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "ҚазАгроҚаржы", "Мал өнімдері корпорациясы", "Аграрлық кредит корпорациясы" жабық акционерлік қоғамдарының, "Қазагромаркетинг" ашық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғамдар), сондай-ақ "Астық қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) жарғылық капиталдары мен активтерін 2003 жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат (бұдан әрі - Қаражат) есебінен қалыптастыру (ұлғайту) тәртібі мен шарттарын анықтайды.

2. Қоғамдар мен Қордың жарғылық капиталдары мен активтерін қалыптастыруға (ұлғайтуға) Қаражат бөлу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі - Ауылшармині) жазбаша өтінімдері негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының Ауылшармині Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп (бұдан әрі - Комитет) Қоғамдардың жарғылық капиталдарын қалыптастыру (ұлғайту) жөніндегі іс-шараларды заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізуді қамтамасыз етеді.

2. Қоғамдардың жарғылық капиталдарын ұлғайтуға бағытталған қаражатты пайдалану тәртібі

4. Қоғамдар жарғылық капиталдарын ұлғайту рәсімдерін жүзеге асырғаннан кейін бөлінген Қаражатты заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай мақсаттарға п а й д а л а н а д ы :

1) "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамы - бюджеттік бағдарламаның паспорттында көрсетілген аймақтарда жарғылық капиталына басқа азаматтық құқық субъектілерінің қатысуға мүмкіндігі бар әртүрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлғалар ретінде машина-технологиялық станциялар (сервис орталықтары) (бұдан әрі - МТС) құру үшін және олардың қызметін қаржыландыру (кредит беру) үшін.

Бұл ретте МТС Қаражаттың ауыл шаруашылығы техникасын, құрал-жабдықтар мен қосалқы бөлшектерді, соның ішінде ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру, ауыл шаруашылығы техникасын, қосалқы бөлшектерді, ауыл шаруашылығы

құрал-жабдықтарын жөндеу және сатып алу жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін және ауыл шаруашылығы өндірісін қолдауға бағытталған қызметтің басқа да түрлерін ұйымдастыру үшін, сондай-ақ МТС-тың ағымдағы қаржы-шаруашылық қызметін қамтамасыз ету үшін лизинг негізінде сатып алуға пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

2) "Мал өнімдері корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы барлық облыстарда және Алматы қаласында Қоғамның дайындау пункттері мен өкілдіктерін ұйымдастыруға, мал сою жөніндегі технологиялық желі сатып алуға және орнатуға, сүт қабылдау және қайта өңдеу жөніндегі технологиялық желі сатып алуға және орнатуға, мал шаруашылығы өнімін қабылдауға, сақтауға және тасымалдауға арналған арнайы техника с а т ы п а л у ғ а ;

3) "Аграрлық кредит корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы - бюджеттік бағдарламаның паспортында көрсетілген аймақтарда ауылдық кредит серіктестіктерін құруға қатысу үшін.

3. "Қазагромаркетинг" ашық акционерлік қоғамының жарғылық капиталын қалыптастыруға бағытталған қаражатты пайдалану тәртібі

5. Қоғам жарғылық капиталды қалыптастыру рәсімдерін жүзеге асырғаннан кейін бөлінген Қаражатты заңнамада белгіленген тәртіппен мыналар үшін пайдаланады:

1) негізгі құралдарды сатып алуға;

2) Қоғамның ауылдағы ақпараттық инфрақұрылымдарын енгізу және дамыту, соның ішінде: ақпарат жинау және талдамалы өңдеу, мемлекеттік басқару органдарын ақпараттық қамтамасыз ету, ауыл ауыл шаруашылығы өнімі мен азық-түлік рыногын зерттеу, аграрлық рынокқа қатысушыларға қорытындыланған маркетингтік ақпарат беру, стратегиялық шешімдер әзірлеу үшін аграрлық азық-түлік рыногының жай-күйі туралы талдамалы материалдар беру жөніндегі қызметін қамтамасыз ету;

3) ауыл шаруашылығы өнімін әлемдік рынокта жайғастыру бойынша консалтингтік қызметтер көрсету.

4. Қордың жарғылық капиталы мен активтерін (өтемақы қоры) қалыптастыруға бағытталған қаражатты пайдалану тәртібі

6. 706 "Астық қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуына кепілдік беру қоры" АҚ астық қолхаттары бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша Қорды құруға және оның жұмыс істеуін ұйымдастыруға қатысу үшін Ауылшарминіне Қаражат бөлінеді, соның ішінде:

100 000 000 (бір жүз миллион) теңге мөлшерінде жарғылық капиталды қалыптастыруға мемлекеттің қатысуы үшін;

300 000 000 (үш жүз миллион) теңге мөлшерінде Қордың активтерін (өтемақы қоры) қалыптастыруға.

7. Ауылшармині Қор құру мақсатында:

1) облыстар әкімдерінің ұсынымдары бойынша белгіленген талаптарға жауап беруі тиіс Қордың әлеуетті қатысушылары - астық қабылдау кәсіпорындарын алдын ала іріктеуді қамтамасыз етеді;

2) әлеуетті қатысушы - астық қабылдау кәсіпорындарымен олардың Қорға қатысуы туралы келіседі.

8. Қорға қатысушы астық қабылдау кәсіпорындары анықталғаннан кейін Комитет іріктеп алынған астық қабылдау кәсіпорындарының уәкілетті өкілдерінің қатысуымен құрылтай жиналысын өткізеді, оның қарауына Қордың құрылтай шартының және жарғысының жобалары ұсынылады.

9. Комитет құрылтай жиналысын өткізгеннен кейін заңнамаға сәйкес осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген құжаттарға түпкілікті келісу және қол қою қамтамасыз етіледі, сондай-ақ Қорды әділет органдарында мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылады.

10. Қордың жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесіне ақы төлеуді оған Комитет Қордың жарғылық капиталындағы мемлекеттің тиісті үлесіне ақы төлеудің қажеттігі туралы хабарлағаннан кейін Ауылшармині қамтамасыз етеді.

11. Қор мемлекеттік тіркелгеннен кейін Ауылшармині өтем қорын қалыптастыру үшін Қордың есептік шотына қаржыландыру жоспарына сәйкес қаражат аударуды жүзеге асырады.

5. Қаражаттың пайдаланылуын бақылау

12. Қазақстан Республикасының Ауылшармині мен Қаржы министрлігі Қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады.

Осы мақсатта Ауылшармині қолданыстағы заңнамаға сәйкес МТС құрудың және оларды қаржыландырудың тәртібін анықтайды, сондай-ақ МТС-тың құрылтай құжаттарын келіседі.

13. Қоғамдар тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей бөлінген Қаражаттың пайдаланылуы туралы Ауылшарминіне есеп береді.

14. Қордың жарғылық капиталы мен активтерін қалыптастыруға республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың тиімді және мақсатты пайдаланылуын бағалау үшін оларға ай сайын құрылғаннан кейін бір ай өткеннен кейін бөлінген Қаражаттың пайдаланылуы туралы Ауылшарминіне ақпарат береді.